

## Орыс тілі мен әдебиеті онкүндік бойынша есеп

Абай атамыз біздің мақтанышымыз. Қазақтың кім екенін танытқан данышпандығы шексіз. Сол заманда соншалықты көрген, терең ойлы болғаны таңқаларлық. Орыс тілі қашанда керек. Білім алуда орыс тіліндегі әдебиеттердің маңызы өте зор. Орыс жазушыларының шығармаларын оқып отырып, ол халық туралы көп білесің. Жалпы қандай тілді білсең де ол байлықпен тең екен. Көп тіл білген ол мықтылық дер едім. Көп тіл білген адам рухани бай адам, көп нәрсені талдай алады. Өмірге зерделей қарайды, әр оқиғаны бағалай отырып қандай жағдайда да жақсы жол таба алады.

Қаңтар айының 16-27 күндер аралығында гимназиямызда орыс тілі мен әдебиеті пәндер онкүндігі өткізілді. Апталықтың жоспары әдістемелік бірлестігінің отырысында қаралып талданды және бекітілді.

Қорытындылай келе, «Удивительный мир русского языка» тақырыбы бекітілді.

Апталықтың мақсаты: Орыс тілінде баланың тілін дамыту, ой өрісін тереңдету, орыс елінің ақын - жазушыларымен таныстыру. Апталық барысында мұғалімдер ұйымдастырған іс-шаралар заман талабына сай өтті, соның ішінде интеллектуалды сайыстар, логикалық сұрақтар сайысы, мастер-класс т.б. сыныптан тыс іс-шаралар. Онкүндік барысында бірлестіктің құрамындағы бірлестік мұғалімдері бірлесе жұмыс атқара отырып, сыныптан тыс жұмыстар, ұйымдастырды.

Сабақ барысында жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді мұғалімдер қолдана отырып, өте ұтымды, жаңашыл сабақтан тыс іс-шараларды өткізді. Сабақтан тыс іс-шаралар барысында тақырыптарын ашып, мақсаттарына жетіп отырды. Бірлестік мұғалімдері жоғары деңгейде дайындалып жұмыстарын көрсете білді, ол: Абильдина Р.Е., Шукурова А.К., Нургожаева А.К., Семембаева А.Т., Серикова А.К. атты ұстаздардың сабағынан жаңашылдықты, оқушымен мұғалім арасындағы жақсы қарым-қатынасты, тиімді жаңа әдіс-тәсілдері көрінді. Сабақ мақсаттан басталып, сабақ барысында тиімді қолдана отырып, оқушыны бағалауды, әсіресе, онлайн сабақтарға көңіл бөлу туралы айтылды. Сабақ бөлімдеріне критерийлер қоя отырып, жақсы нәтижеге жетту жолдарын көтереді. Оқушылардың білім деңгейінің нәтижесі анықталды. Сабақ барысында оқушының өзін-өзі бағалауы жиі көрініс тапты. Мұғалімдердің кері байланыспен үнемі жұмыс жасайтындығы көрінді. Орыс тілі мен әдебиеті пәндерінідер Мектеп кітапханасына «Поэты – юбиляры» атты жазушылар жәрмеңкесін өткізді. Оқушыларды, биыл мерейтой тойланатын орыс жазушыларымен таныстырды. Балаларға мазмұнды болды. Пән апталығында, жоспар бойынша орыс тілі мен әдебиеті пән мұғалімі Серикова А.С. бастауыш сыныптарда «Мои любимые сказочные герои» атты сурет байқауын өткізді. Байқауда бастауыш сынып оқушыларының белсенділігін көре алдық.

Сондай-ақ, «Профайл ученика IV» атты постер байқауы өткізіліп, орта буын оқушылардың МҮР бағдарламасын меңгергені байқалды.

Орыс тілі мен әдебиеті апталығы аясында Нургожаева А. 10-сынып оқушыларына арналған «Что? Где? Когда?» интеллектуалды турнирі өтті. Сөйлеу мәдениетіне қатысты мәселелерге маңызды орын берілді. Оқушылар үлкен ынтамен және қызығушылықпен қатысты. Сонымен қатар, Семембаева А.Т. 9-11-сынып оқушыларына арналған сабақтан тыс «Филологический квест» өтті. Өткізілген іс-шара тілді үйренуге деген ынтаны қалыптастыруға, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұжымда жұмыс істей білуге ықпал етті. Материал, фильмдер көрді, шығармаларды оқыды, ата-аналармен бөлісті. Осылайша, квест тиімді өтті және мақсат-міндеттеріне жетті. Осы іс-шара жалғасын 5 сыныптар арасында жалғасын тапты, сабақтан тыс «В мире русской грамматики» өтті.

Сондай-ақ, ХБ бағытында мини-проект «Фантазеры» атты ең үздік кітапшалар анықталды, орта буын оқушылардың МҮР бағдарламасын аясындағы жұмыс.

Орыс тілі мен әдебиеті апталығы аясында Абильдина Р.Е. мен Шукурова А.К. 7-11 сынып оқушыларына арналған «Мир русского языка», «Мир русского языка», «Лучшие знатоки литературы» интеллектуалды турнирі өтті, жеңімпаздар анықталды.